

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
бойынша

Бұйрық №9

Ойыл селосы.

20.09.2020 ж.

Әдеп жөніндегі кеңесті құру туралы.

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-да әдеп жөніндегі Кеңес жұмысын ұйымдастыру, тәрбиешілер мен педагогтардың әдеп нормалары мен тәртіп қағидаларын сақтау мақсатында және адалдықты дамыту бойынша келесідей Кеңес құрамы мен жұмыс жоспары бекітілсін.

- 1. «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-да Әдеп жөніндегі Кеңес Ережесі бекітілсін.**
- 2. Әдеп жөніндегі Кеңес келесі құрамда бекітілсін**

1. Кеңес төрайымы: - Улукпанова Бакыт Жолдаскалиевна, -«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК тәрбиешісі .

2. Кеңес хатшысы: Жоламанова Салтанат Болатовна-«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК әдіскері.

3. Кеңес мүшелері:

1. Жүндібаева Мейрамгул Нурлановна, аудандық білім бөлімінің маманы, әдіскер/өз келісімімен/

2. Избагамбетова Гулмира Сабыровна, білім бөлімі мекемелерінің кәсіподақ төрайымы өз келісімімен/.

3. Таттигалиева Заура Сабитовна, -«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК психолог.

4. Кадирова Венера Амангелдиевна, -«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК тәрбиешісі.

5. Базарова Гулнар Зареевна, ардагер- педагог.

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК менгерушісі **А.Мырзагалиева**



«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның

Бекітемін: 
«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ның
меңгерушісі А.Мырзағалиева



Педагогикалық әдеп кеңесінің жылдық жұмыс жоспары.

2023-2024 оқу жылы

Педагогикалық әдеп кеңесінің жылдық жұмыс жоспары.
2023-2024 оқу жылындағы

Жалпы мақсаттар:

Балабақшаны әкімшілік, педагогикалық және әкімшілік –қызметкерлері үшін моральдық және кәсіби мінез-құлық нормаларын сақтауды үйлестіру.

Міндеттер:

Білім сапасын жақсарту және жас ұрпақты тәрбиелеу үшін педагог қызметкерлердің, тәрбиеленуші, жергілікті қоғамдықпен кәсіби өзара қарым қатынастарын реттеу.

№	Атқарылатын жұмыстар тақырыбы	Өткізілетін уақыты	Жауаптылар
1	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметінің 2023-2024 оқу жылына арналған жоспарды әзірлеу, енгізу және бекіту.	Тамыз	Меңгеруші А.Мырзағалиева Әдеп кеңес төрайымы Б.Улукпанова
2	«Педагогтың кәсіби этикасы: мән-мағынасы, мазмұны, қызметтері» (дөңгелек үстел)	Қараша	Әдеп кеңес төрайымы Б.Улукпанова
3	Педагог қызметінің ерекшеліктері және өз еңбегіне қатынасының адамгершілік негіздері	Үнемі	Әдеп кеңесінің мүшелері
4	«Әдепті бала – арлы бала» (тәрбие сағаты)	Наурыз	С.Жоламанова В.Кадирова А.Жаңабаева
5	Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау.	Үнемі	Меңгеруші А.Мырзағалиева Әдеп кеңес төрайымы Б.Улукпанова
6	«Табиғат – біздің досымыз» (тәрбие сағаты)	Мамыр	М.Утеуова Ш.Тайғужиева А.Жаңабаева
7	Қорытынды жиналыс: Тәрбиеленушілердың ата-аналармен қарым-қатынасындағы педагогтың этикасы	Мамыр	Әдеп кеңесінің мүшелері

29.08.2023ж «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынының Педагогикалық әдеп кеңесінің
№1 Хаттамасы

Қатысуға тиіс:7

Қатысқаны:7

Күн тәртібінде: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметінің
2023-2024 оқу жылына арналған жоспарды әзірлеу,
енгізу және бекіту.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті меңгеруші А Мырзагалиева ашты.

Тыңдалды: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметінің төрайымы
Б Улукпанова.

Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған күзіретті маман - уақыт талабы. Жаһандық бәсекеге қабілетті адами капитал сапасын жақсарту мақсатында егемен елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында балабақша, ал сол балабақшада жас ұрпақ бойына білім негізінің мәңгілік іргетасын қалаушы – біз, ұстаздар тұрады. Сондықтан да, бүгінгі таңда тәуелсіз елімізге білікті маман, өз ісінің шебері, кәсіби этикасы жоғары ұстаздар қажет.

Этикалық ойларды дамытушы ұлы ғұлама Әл-Фараби адамның маңызын түсіндірудің адамгершілік-этикалық мазмұнына көп көңіл бөледі. Оның этикасы жүрек пен қолдың тазалығын, әлеуметтік әділдікті, адамдар арасындағы қатынаста ар-намыстылықты жариялайды Адамның ең басты, оның іс-әрекетінің айнасы – рухани негіз алға шығады деп пайымдайды [2].

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметінің 2023-2024 оқу жылына арналған жоспарымда «Әдепті бала – арлы бала»; «Табиғат – біздің досымыз» тақырыптарында тәрбие сағатын қосып отырмын. Өзімізді үлгі етіп балабақша тәрбиеленушілеріне тереңнен түсіндіру бағытында.

Сөйлеушілер: Ш.Тайгужиева

Б Улукпанова жасақтаған жоспарға қосып аларым жоқ. Әр тәрбиеші өз бойындағы педагогикалық әдептілікті жоғалтпайды, әрі қарай дамыта береді деп ойлаймын. Жоспарындағы тәрбие сағаттарын топ тәрбиешілері, бүлдіршіндерге жақсы мен жаман әдет жігін ажырату, көру, сезіну, қабылдау қабілеттерін дамыта отырып, халқымыздың салт – дәстүріне деген қызығушылығын арттырамыз.

А.Жаңабаева

Тәрбиленушілерге адамгершілікке, кішіпейілдікке, ұқыптылыққа баулу біздің міндетіміз. Бірігіп ұжымдық жұмыс жасату, сенімді орта құру, қойылған мақсатқа жету болып табылады. Әдептілікті өз бойымызда қадағалай отырып әдептілікті балаларға жеткіземіз.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес шешімі:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметінің
2023-2024 оқу жылына арналған жоспары бекітілсін.

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
меңгерушісі:



А Мырзағалиева.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес
қызметінің төрайымы:

Б Улукпанова.

Хатшы:

С.Жоламанова.

«Жолшы бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

Хаттама № 2

26.01.2024 жылы

«Педагогикалық әдеп қағидалары»

Жолшы бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының педагогикалық әдеп кеңесінің отырысы.

Төрайым - Б.Улукпанова

Хатшы – С.Жоламанова

Қатысқандар: 8

1. А.Мырзағалиева

2. С.Жоламанова

3. С.Мыңжсарова

4. М.Утеуова

5. Ж.Әмірғазина

6. Б.Улукпанова

7. В.Кадирова

8. А.Жаңабаева.

Күн тәртібі:

Б.Улукпанова «Педагог этикасы» тақырыбында өткізген дөңгелек үстелді талқылау.

Тыңдалды: Б.Улукпанова

Этика - бұл педагогикалық мораль туралы ғылым. Педагогикалық этика - бұл мінез-құлық нормалары мен жауапкершілігін зерттейтін ғылым
Педагогикалық этика алдында бірқатар шұғыл міндеттер тұр (оларды теориялық және қолданбалы деп бөлуге болады)

соның ішінде:

Педагогикалық адамгершіліктің әдіснамалық мәселелерін, мәнін, категориялары мен ерекшеліктерін зерттеу,

Педагогикалық қызметтің адамгершілік аспектілерін педагогикалық қызметтің ерекше түрі ретінде дамыту,

Тәрбиешінің адамгершілік сипатына қойылатын талаптарды анықтау,
Тәрбиешінің жеке адамгершілік санасының мәні мен ерекшеліктерін зерттеу,
Тәрбиешінің адамгершілік тәрбиесі мен өзін-өзі тәрбиелеу мәселелерін дамыту.

1. Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті

2. Педагогикалық такт.

3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті

4. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау

Сөйлеушілер: С.Мыңжасарова

1.Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетін қалай болғанын қалайсың?

Психолог С.Мыңжасарова

Әр педагог тәрбиеленушілерді білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Әр тәрбиеші түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Педагог киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, ақшқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Педагогтың шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.

Тәрбиеші мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға топқа басқа адам кіріп келгенде сәлемдесуге кеңес берді. Балабақша ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады .

«Еркетай» топ тәрбиеші В.Кадирова

2.Педагогикалық тактыны қалай түсінесіз?

Тәрбиеші В.Кадирова

Педагог этикасында бұл ұғым тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арақатынастарын белгілейді. Педагогикалық такт болмайынша тәрбиеші өз мамандығын терең білгенімен, тіпті тәрбиелік жұмыста алуан түрлі әдіс-тәсілдерді меңгергенімен, өзінің алдына қойған – жас ұрпаққа жан-жақты тәрбие беру мақсатына жете алмайды.

Педагогикалық такт – бала тәрбиелеудегі маңызы.

Педагогикалық такт мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды да тәрбиелеуде маңызды қызмет атқарады.

Педагогикалық тактінің ішінде ең бір негізгі орын алатын мәселе – тәрбиеленушінің еріктілігіне шек қоймай, оған, өз мүмкіншілігінше, қабілетін дамытуға жағдай туғызып, көмектесу болып есептеледі. Педагогтің ең негізгі мақсатының бірі – әрбір баланың ерекшелігін, қайталанбайтын өзіндік жақтарын байқап, оның дамуына қазіргі педагогикалық ғылымның жетістіктерін қолданып жағдай жасау. Ал , бұл сияқты күрделі де құрметті жұмысты іске асыруда педагогикалық тактіні сақтай білудің ерекше маңызы бар.

Әдіскер С.Жоламанова

3.Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті

4.Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау

Әдіскер С.Жоламанова ата-аналармен, тәрбиеленушілер мен және әріптестері мен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті екендігін, чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңыз бен жалпы чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға және жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтауға кеңес берді.

Қорытындылай келе Б.Улукпанова «Педагог этикасы» тақырыбында өткізген дөңгелек үстелді жоғары деңгейде өтті деп бағаланды.

1.Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетін қалай болғанын қалайсың?-деген сұрағына психолог З.Таттиғалиева

2.Педагогикалық тактыны қалай түсінесіз?-деген сұрағына

Тәрбиеші В.Кадирова

3.Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті

4.Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау туралы—Әдіскер С.Жоламанова жауап бере отырып бірлесе талқылып өтті.

Шешім:

Б.Улукпанова өткізген «Педагог этикасы» тақырыбында дөңгелек үстелдің өту барысына «Жаксы» деген баға берілсін.

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК меңгерушісі:
Әдеп Кеңес төрайымы:
Хатшы:



А.Мырзағалиева.
Б.Улукпанова.
С.Жоламанова С.

08.05.2024 ж. «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 Хаттамасы

Қатысуға тиіс:8

Қатысқаны:8

Күн тәртібінде: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстарды талдау.

Тыңдалды: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес қызметінің төрайымы
Б Улукпанова.

Педагогтық қызметтің ерекшелігі - оның кешенділігінде, біріншіден, оған кәсіби білім мазмұны, оқыту әдісін меңгеруі, оны ұйымдастыру ұстанымдарын білуі жатады.

Екіншіден, ол кәсіптік білімді, саналы принципті қалыптастырады. Үшіншіден, теориялық, технологиялық, әдістемелік жағынан тұтасады. Оны әр педагог өз тәжірибесіне сай құрады, ғылыми білімі негізінде қалыптастырады. Педагогикалық қызметтің тағы бір ерекшелігі - педагогикалық іс-әрекетке бейімділікті жатқызамыз. Педагогикалық іс-әрекетке бейімділікті танытатын түрлі сезім құлшынысын атауға болады.

Олар:

- адамдармен тіл табыса білу;
- кәсіптік көрегенділік, байқағыштық;
- эмоциялық тұрақтылық, өзін-өзі меңгеру, өз бейімділігін реттеп басқара білу. Педагогикалық қызметтің ерекшеліктері өз бойымыздан таба отырып осы 2023-2024 оқу жылының Педагогикалық әдеп жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырдық. Жоспарланған жұмыстар толығымен орындалды. Өздерін білесіздер Ұжым арасында салауатты моральдық- психологиялық ахуал қалыптасқан. Қызмет бабында жазаланған педагогтар жоқ.

С.Мыңжасарова.

Педагогикалық мамандық - өзіндік мәнімен, маңыздылығымен ерекшеленетін мамандық. Балабақшаның тәрбиешілері өзіне тән ерекшеліктері бар. Біреуі коммуникативтік бағытта бет бұрса, біреуі деншынықтыру бағытқа,біреуі зияткерлік бағытқа және шығармашылық бағытқа көп мән береді.Балабақша педагогтері бірлесе отырып, өз еңбектерінің адамгершілік негіздерін құрастырған. Бірлескен іс-әрекеттері тиімді жұмыс жасауларына қол жеткізді. Атқарылған жұмысқа «қанағаттанарлық» деген баға беремін.

А.Жаңабаева

Менің үлгі алар жерлерім өте көп. Балабақша педагогтерінің балалар мен және ата- аналарымен қарым қатынасы сенімді. Іскерлік қарым-қатынасы, сөйлеу мәдениеттері өте жоғары. Аудандық және балабақшалық іс-шараларда белсенді түрде, өз-өздерін ұстауы мәдени жағынан жоғары денгей көрсете білді. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстарға «қанағаттанарлық» деген баға беремін.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес шешімі:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстарға «қанағаттанарлық» деген баға берілсін.

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» МКҚК
меңгерушісі
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес
қызметінің төрайымы:
Хатшы:



А Мырзағалиева.

Б Улукпанова.

С.Жоламанова.

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Тексерілді:

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы»

МКҚК-ның әдіскері

С.Жоламанова

«Педагогтың кәсіби этикасы: мән-мағынасы, мазмұны, қызметтері»

Өткізген: Б.Улукпанова.

Ойыл селосы 2023-2024 оқу жылы

Педагогтың кәсіби этикасы: мән-мағынасы, мазмұны, қызметтері

Кәсіби этика - жалпы этика ғылымының саласы. Ол қайсыбір кәсіптің моральдық ерекшеліктерін, сол кәсіппен айналысатын адамдардың еңбек атқару барысындағы адамгершілік ұстанымдарын, оларды жүзеге асыру өзгешеліктерін қарастырады [9]. Мысалы:

- басқару кәсібінің этикасы - басқару іс-қызметіне байланысты этикалық ұғымдар мен тәрбиелік нұсқаулар жүйесі;
- әскери кәсіп этикасы - армияның әскери күшін нығайту мақсатындағы оны ұйымдастыру, басқару деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған ұғымдар мен нұсқаулар жүйесі;
- медициналық этика - ол этика бойынша дәрігер әр жағдайда әділ, әдемі, кең жүректі адам болуға тиісті. Гиппократ анты.

Кәсіби этиканың атқаратын міндеттері:

- ұжымда жалпы адамгершілік талаптарға сай келетін тәртіп орнату;
- кәсіби борыш, кәсіби ар-намыс деген түсініктерді енгізу;
- ұжымның беделін көтеру;
- кәсіби қызметті кенейту, ілгерілету, сол арқылы табысты молайту, кәсіпке қатысы барлардың тұрмыс-жағдайларын жақсарту. Түптеп келгенде саяси-әлеуметтік тұрақтылықтың бекемденуіне қызмет ету.

Біз бен сіздің кәсіби мамандығымыз (сіз үшін болашақтағы) -

педагогикалық мамандық. Енді осы бағыттағы этикаға кеңірек тоқталайық.

Педагогикалық этика - этика ғылымының өзіндік тарауы. Ол:

- педагогикалық мораль ерекшелігін зерттейді; педагогикалық еңбекте адамгершілік ұстанымдарын жүзеге асыру өзгешеліктерін анықтайды;
- педагогикалық этиканың функциясын, мазмұндық принциптерінің өзгешеліктерін ашып көрсетеді;
- оқыту-тәрбиелеумен кәсіби түрде айналысатын адамдар арасындағы, яғни кәсіби ортада, адамгершілік қатынастар мен қалыптасқан өзгеше тәртіппен мінез-құлықты зерттейді.

Педагогикалық этика педагогикалық мораль мен моральдық

құндылықтардың түпкілікті мәнін қарастырады. Этиканың негізін мораль құрайтын болса, мораль деп қоғамдағы адамдар арасындағы қалыптасқан адамгершілік нормалары мен ұстанымдарының жиынтығын айтамыз.

Моральдық құндылықтар - адамдардың адамгершілік қасиеттері мен мінез-құлқына, іс-қимылына, өмірдегі алуан түрлі құбылыстарға өзіндік баға беретін мейрімділік пен зұлымдық, адалдық пен ар-намыс туралы түсініктер жүйесі. Педагогикалық қызметте мораль, моральдық құндылық түсініктерінің бәрі кездеседі. Солардың ішінде педагогикалық әділдік, педагогикалық борыш, педагогикалық ар-намыс, педагогикалық бедел, педагогикалық тәртіп түсініктеріне сипаттама берсек:

Әділдік - адамдардың құқықтары мен міндеттері арасындағы сәйкестілік. Ал педагогикалық әділдік - мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасы барысында оқушылардың тәртібін, қылығын, оқуға көзқарас-құлшынысын, адамгершілік тәрбиелік деңгейін анықтау мен бағалау барысындағы мұғалімнің объективтілігі мен өзіндік баға берудегі ерекше сипаты (2.1-кесте).

Педагогикалық борыш

Өз еңбегіне шығармашыл көзқарас, өз-өзіне қатаң талап қою, кәсіби білім-біліктілігін, педагогикалық шеберлігін арттыруға деген құлшыныс, оқушыға, ата-анаға құрмет көрсету және талап қою қажеттілігі, мектеп өмірінде кездесетін күрделі шиеленістерді шеше білу іс-қимылдары.

Педагогикалық ар-намыс

Педагогтың өз кәсіби борышын орындау барысында айқындалатын моральдық сипаты мен сіңірген еңбегіне деген қоғамдық баға.

Педагогикалық бедел

Мұғалімнің оқушылар мен әріптестер ұжымындағы моральдық статусы. Оның деңгейі білімімен, зеректілігімен, шеберлік тереңдігімен, өз еңбегіне деген ерекше қатынасымен т.б. кәсіби педагогикалық қасиеттерімен анықталады.

Педагогикалық тәртіп

Мұғалім кәсіби қызметінде ойы мен әрекетінің ұштасып жататын педагогикалық моральды іске асыру түрі. Педагогикалық тәртіп түрлері - мұғалімнің тұлғаға деген құрмет сезімі, жоғары талап қоюы, әңгімелесіп отырған адамды тыңдай және түсіне білуі, ұстамдылығы, іскерлігі, сабырлылығы, зейінділігі, сезімталдығы.

Педагог тәртібі оның педагогикалық әрекеттерін адамгершілік тұрғыдан реттейді. Оның толыққанды кәсіби этикалық мәні мен мақсатқа сәйкестігі келесі сипаттарда көрініс береді:

- талапшылдық, жеке бастың қасиетін қорламау;
- қарым-қатынас барысында табиғилық, қарапайымдылық танытып, өрескелдікке жол бермеуі;
- ұстанымдылығы және табандылығы;
- зеректік пен сезімталдығы;
- тұлғаның жеке басын қорламайтын әзіл қолдана білуі;
- иландыру, нандыру, ескерту, ұсыныс жасау және қысымшылық пен қорлықсыз жазалай білуі;
- өз білімі мен кәсіби даярлық деңгейінің артықшылығын атап айтпай-ақ білімалушыларды оқыту және тәрбиелей білу қабілеті;
- білімалушыларды тыңдай білуі, сұрақтарға берген жауаптарына тыңғылықты қарай білуі.

Аталған педагогикалық тәртіп түрлері педагогтың түрлі оқу-тәрбиелік міндеттерін шешу барысында көрініп, олардың кәсіби қызметінің тиімділігі мен сапасын арттыруға ықпал етеді.

Жоғарыда аталған кәсіби этика нормаларын білу және сақтау - педагогикалық қызметтің мазмұнын ерекшелендіреді және өз еңбегіне қатынасының адамгершілік негіздерін қалыптастыруына көмектеседі.

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Тексерілді: *С.Жоламанова*
«Жолшы» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК-ның әдіскері
С.Жоламанова

«Әдепті бала - арлыбала»

Өткізген: В.Кадирова

Ойыл селосы 2023-2024 оқу жылы

Әдепті бала – арлы бала

Мақсаты:

Балаларға әдептілік жайлы мағлұмат беру. Әдепті болуға үйрету, ойлау қабілетін және шығармашылығын дамыту. Әдептілік әлеміне бару барысында балаларға әдептілік ұғымының мағынасын ашу. Адалдыққа, мейірімділікке кішіпейілділікке тәрбиелеу. Мақал - мәтел арқылы баланың есте сақтау қабілетін арттыру.

Көрнекілік: тақырыпқа байланысты суреттер, әдептілік туралы мақал - мәтелдер, дидактикалық ойын

Барысы:

Шаттық шеңбері:

Біз әдепті баламыз

Айтқан тілді аламыз

Үлкендерге жол беріп,

Біз ақылды боламыз!

Балалар, бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы "Әдепті бала - арлы бала"

Әдептілік – адамдардың өзара жақсы қарым - қатынасының, жүріс -

тұрысының, үлкенді сыйлау, кішіпейіл бола білу белгісі екен. Сондықтан

күнделікті өмірде әдептілік белгілерін дұрыс пайдалана білу керек. Төмендегі

тақпақтарға назар аударайық:

«Не деу керек?»

Апаң сенің базардан,

Алма сатып әперді.

Ең үлкенін, жақсысын,

Саған таңдап әперді.

Не барып жеу керек?

Балалар: «Рахмет, апа!» деу керек.

Балалар жүр көшеде,

Естілді шу – айхай.

Сенде шықтың досыңды,

Қағып кеттің байқамай.

Мұндайда не деу керек?

Балалар: «Кешіріңіз!» деу керек.

Осы келген бетінде,

Допты қудың жарыстың.

Көшенің сол шетінде

Кезікті бір апайың

Ұмыттың сен не деуді?

Балалар: «Сәлеметсіз бе?» деу керек.

Сергіту сәті:

Енді біз демаламыз,

Айналаны шоламыз.
Қол - аяқты кезекпен,
Оңға - солға созамыз.
Күн шыққанда сүйсініп,
Бәйшешектей иіліп,
Біз тынығып аламыз.
Жиі - жиі жаттығып,
Үлкен кісі боламыз.

Тәрбиеші: әдептілік жайлы суреттер көрсетеді, әдептілік туралы әңгіме айтып береді.

- Балалар, суретте қарандаршы мына бала атаға орын бермеді, онысы дұрыс па?

- Жоқ, дұрыс емес.

- Ал, мына бала орын берді, ол дұрыс істеді ме?

- Ия, дұрыс істеді.

- Балалар, біз үлкендерді сыйлауымыз керек, автобуста үлкендерге орын беру керек. Таныс адамды көрсек міндетті түрде амандасу керек.

- Ал мына суретте үстел үстінде тамақ ішіп отырған бала барлық тәтті тамақтарды алдына үйіп алыпты, осы істеген ісі дұрыс па?

- Жоқ, дұрыс емес.

- Енді мына суретке назар салайықшы. Дүкеннен келе жатқан апаның сөмкесін мына бала көтеріп келе жатыр. Бұл ісі дұрыс па?

- Дұрыс айтасындар. Бұл бала әдепті бала екен. Біздің тобымыздағы барлық бала - әдепті бала, өйткені балабақшаға келетін балдырғандар ақылды, білімді, тәрбиелі болып қалыптасады. Өскенде егемен еліміздің толыққанды азаматы боласындар.

Мақал - мәтел:

1. Әдепті бала - арлы бала,

Әдепсіз бала - сорлы бала.

2. Сіз деген - әдеп,

Біз деген - көмек.

3. Басыңа іс түссе,

Жақсы көмек етеді,

Жаман күліп кетеді.

(Мақал - мәтелдің мағынасын ашып беру)

Дидактикалық ойын: "Жақсы мен жаман"

Шарты: Балалар жақсы мен жаман әдеттерді ажыратып айту керек.

Балалар сонымен бүгін біз әдептілік туралы көп нәрсе үйрендік. Әдепті адам жамандықты жақсылыққа аударып, өзінің ақылдылығын таныта білуі керек.



«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Тексерілді: *Жеңіс*
«Жолшы» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК-ның әдіскері
С.Жоламанова

«Табиғат – біздің досымыз»

Өткізген: «Күншуақ» топ тәрбиешілері

Ойыл селосы 2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Табиғат — біздің досымыз»

Мақсаты: Балаларға табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағлұмат беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Әдіс –тәсілдер: Әңгіме, түсіндіру, көрсету, сұрақ –жауаптар, гүл отырғызу

Барысы:

Тәрбиеші: Сәлеметсіңдерме балалар! Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Ендеше бір-бірімізге деген жылы лебіздімізді білдіріп таңғы шаттық шеңдерін жасайық.

Арайлап таң атты

Алтын сәуле таратты

Жарқырайды даламыз

Жарқырайды қаламыз

Қайырлы таң достарым

Қайырлы таң бақшамыз

Тәрбиеші: Жақсы балалар орынымызға отырайық. Балалар қазір жылдың қай мезгілі.

Балалар: Көктем мезгілі.

Тәрбиеші: Көктем мезгілінде неше ай бар.

Балалар: 3 ай бар. (Наурыз, сәуір, мамыр)

Тәрбиеші : Адам, құстар, жануарлар, жәндіктер, аңдар, ағаштар, гүлдер, таулар. Бұның барлығын бір сөзбен айтқанда не деп айтамыз?

Балалар: Табиғат.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар

Ендеше балабақша үлескісіне шықпай тұрып табиғат

құбылыстарының дыбыстарын тыңдап, ажыраталық.

(желдің үрлегенің, жаңбырдың жауғанын, құстардың , жан-жануарлардың дыбыстарын тыңдату)

Тәрбиеші: Балалар не естідіндер?

Ненің дыбысы деп ойлайсындар?

Балалар: Желдің үрлегенің, жаңбырдың жауғанын, құстардың ,

жан-жануарлардың дыбыстарын естідік.


Тәрбиеші: Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады. Табиғат екіге бөлінеді. Ол тірі табиғат және өлі табиғат.

Тірі табиғатқа: ағаш, шөп, гүл, адамдар, аңдар, құстар жатады, олар өседі, дем алады, көбейеді, денесінде жан бар.


Өлі табиғатқа: су, тас, құм, ауа жатады, олар өспейді, дем алмайды денесінде жаны жоқ.

Бірақ осы тірі табиғат пен өлі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты екен. Балалар табиғат жайлы біраз ұғымдарды біліп алдық. Енді балабақша үлескісіне шығып, гүл отырғызып, жеміс ағаштарын суарып, аулаға тазалық жұмысына аула сыпырушыға көмектесейік.


Қайырымдылық - жылы жүректен.



Жаксыдан үйрен,
Жаманнан жирен.



Бұл жағдайда қандай
әрекет жасайсындар?





“Жолшы” бөбекжай-бақшасы” МКҚК




2023-2024оқу жылы.

Педагог этикасы

(Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы
дөңгелек үстел)

Өткізген:

Әдеп кеңесінің төрайымы Б.Улукпанова



Этика - бұл педагогикалық мораль туралы ғылым. Педагогикалық этика - бұл мінез-құлық нормалары мен жауапкершілігін зерттейтін ғылым



Педагогикалық агогикалық әдеп ережелері тарау.

Жалпы ережелер

Осы әдеп қағидалары (бұдан әрі - Педагогикалық әдеп) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына және «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген, сонымен қатар жалпыға танылған адамгершілікке негізделген қағидалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормалары.

Педагогикалық этика алдында бірқатар шұғыл міндеттер тұр (оларды теориялық және қолданбалы деп бөлуге болады) соның ішінде:

- Педагогикалық адамгершіліктің әдіснамалық мәселелерін, мәнін, категориялары мен ерекшеліктерін зерттеу,**
- Педагогикалық қызметтің адамгершілік аспектілерін педагогикалық қызметтің ерекше түрі ретінде дамыту,**
- Тәрбиешінің адамгершілік сипатына қойылатын талаптарды анықтау,**
- Тәрбиешінің жеке адамгершілік санасының мәні мен ерекшеліктерін зерттеу,**
- Тәрбиешінің адамгершілік тәрбиесі мен өзін-өзі тәрбиелеу мәселелерін дамыту.**

- 
- 1.Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті**
 - 2.Педагогикалық такт.**
 - 3.Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті**
 - 4.Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау**

Педагогикалық такт

- Бұл педагогтың мінез-құлқы мен іс-әрекетіндегі пропорционалдылық сезімі, оған жоғары адамгершілік, оқушының қадір-қасиетін құрметтеу, балалармен, ата-аналармен, еңбек әріптестерімен қарым-қатынаста әділеттілік, төзімділік пен өзін-өзі бақылау кіреді.
- Педагогикалық такт - бұл педагогикалық этиканы жүзеге асыру формаларының бірі.


Педагогикалық такттың негізгі элементтері:

Тәрбиеленушіге деген талап пен құрмет;

Тәрбиеленушіні көру және есту, оған
жанашырлықпен қарау қабілеті;

Іскерлік қарым-қатынас реңкі;

Тәрбиешінің зейінділігі, сезімталдығы



- **Өз ұйымыңызды қарым-қатынастың жоғары адамгершілік принциптері бар ұйымшыл командаға айналдыруға тырысыңыз,**
- **Қызметкерге ескерту этикалық нормаларға сәйкес келуі керек;**
- **Бағынушының өзін-өзі бағалауын нығайту,**
- **Қызметкерлерге сенім арту және өз қателіктеріңізді мойындау,**
- **Сіз өзіңіздің артықшылықтарыңызға ие болыңыз топтың басқа мүшелері.**



ҚОРЫТЫНДЫ

Егер педагог өзі оқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса, өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын болса ғана, біз тәрбиеленіп отырған тәрбиеленушілердің балабақшаға қызығушылық танытады, балабақша педагогтерін есте сақтап, бағалап құрметтейді

